

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін дамыту бойынша өз тәжірибесінің нәтижелерін және әріптестердің өзекті зерттеулерін бағалайды;

аудан/қала (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде жұмыстың әртүрлі нысандары арқылы әріптестеріне әдістемелік қолдау көрсетеді;

аудан/қала білім бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған оқу-әдістемелік материалдарды немесе бағдарламаларды әзірлейді және енгізеді;

Тізбеге немесе облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) білім басқармасы немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес аудан/қала (облыстық маңызы бар қала) деңгейіндегі конкурстарға, жарыстарға қатысушылары бар болады;

Тізбеге немесе облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) білім басқармасы немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес аудан, облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) кәсіптік шеберлік конкурстарына қатысушы болып табылады;

4) «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына:

мынадай кәсіптік құзыреттері бар педагогтер:

«педагог-сарапшы» біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді;

авторлық технологиялар мен бағалау стратегиялары негізінде оқытудың (тәрбиелеу, дамыту) кіріктірілген үдерісін жүзеге асырады;

қауіпсіз және қолайлы білім беру (дамыту) ортасын басқарады, әріптестеріне этикалық нормаларды түсінуде қолдау көрсетеді;

педагогикалық қоғамдастық үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) даму мониторингінің нәтижелерін пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлейді;

әріптестерімен бірге сабақты (оқуды, қызметті, іс-шараны) зерттейді және білім беру ұйымдарында оқыту (тәрбиелеу) тәжірибесін жақсарту үшін зерттеу нәтижелерін таратады;

облыс деңгейінде (кемінде 3 (үш) ауданды/ қаланы қамти отырып); республикалық маңызы бар қалалар мен Астанада, республикада (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) тәжірибені таратады;

білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес немесе республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу-әдістемелік материалдарды немесе бағдарламаларды әзірлейді және енгізеді;

33. «Педагогтер тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтерді тиісті қолдау шараларының пакетімен тарту қағидаларын бекіту туралы (Арнайы бағдарлама)» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 маусымдағы № 390 қаулысына сәйкес жұмысқа қабылданған педагогтерге аттестаттау рәсімінен өтпестен өтініші бойынша:

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне – «педагог-модератор»;

«педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші» біліктілік санаты бар педагогтерге – бір деңгейге жоғары біліктілік санаты беріледі.

Басқа білім беру ұйымына ауысқан кезде педагогтер қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін Арнайы бағдарлама шеңберінде берілген біліктілік санатын растау рәсімінен өтеді.

Кейінгі аттестаттау осы Қағидаларда анықталған тәртіппен жүргізіледі.

34. Білім беру ұйымының басшысы немесе басшысының орынбасары лауазымына тағайындалған кезде Комиссияның шешімі бойынша «бірінші санаттағы басшы», «бірінші санаттағы басшының орынбасары» біліктілік санатын аттестаттау рәсімінен өтпей беріледі:

білім берудегі өзгерістер көшбасшыларын іріктеу және даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өткен және кадр резервіне кірген педагогтерге;

білім беруді басқару органдарынан, білім беру саласындағы уәкілетті органнан білім беру ұйымына ауысатын және мемлекеттік қызмет лауазымдарында кемінде 5 (бес) жыл өтілі бар адамдарға.

Кейінгі аттестаттау осы Қағидаларда анықталған тәртіппен жүргізіледі.

35. «Басшы-ұйымдастырушы» біліктілік санаты «үшінші санаттағы басшы» біліктілік санатына; «басшы-менеджер» біліктілік санаты «екінші санаттағы басшы» біліктілік санатына; «басшы-көшбасшы» біліктілік санаты «бірінші санаттағы басшы» біліктілік санатына теңестіріледі.

36. Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы, басшысының орынбасары ұйымға немесе бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауысқан кезде қолданыстағы біліктілік санаты басшы, басшының орынбасары, әдіскер, бөлім (бөлімше) меңгерушісі лауазымының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

Бірінші басшы білім беру ұйымы басшысының орынбасары лауазымына және керісінше ауысқан кезде басшының (басшының орынбасарының) қолданыстағы біліктілік санаты келесідей лауазымдар бойынша біліктілік санаттары шеңберінде оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады:

«бірінші санатты басшы» - «бірінші санаттағы басшының орынбасары»;

көзделмесе, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің

91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

## **2-параграф. Аттестаттау комиссиясының құрамы және қызмет тәртібі**

19. Білім беру саласындағы уәкілетті органда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың білім беруді басқару органдарында, білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – аттестаттау органы) педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін ағымдағы оқу жылының 1 қыркүйегіне дейін мынадай біліктілік санаттары үшін Комиссиялар құрылады:

1) білім беру ұйымдарында: «педагог-модератор»;

2) ауданның (қаланың), облыстық маңызы бар қаланың білім беруді басқару органында: «педагог-сарапшы», «үшінші санаттағы басшының орынбасары», «екінші санаттағы басшының орынбасары», «үшінші санаттағы басшы», «екінші санаттағы басшы»;

3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органында:

«педагог-зерттеуші», «бірінші санаттағы басшының орынбасары», «бірінші санаттағы басшы»;

ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) үшін: «педагог-сарапшы», «үшінші санаттағы басшының орынбасары», «екінші санаттағы басшының орынбасары», «үшінші санаттағы басшы», «екінші санаттағы басшы»;

4) білім беру саласындағы уәкілетті органның жанынан:

«педагог-шебер»;

білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар), ведомстволық салалық мемлекеттік органның бағыныстағы білім беру ұйымдары үшін: «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «үшінші санаттағы басшының орынбасары», «екінші санаттағы басшының орынбасары», «бірінші санаттағы басшының орынбасары», «үшінші санаттағы басшы», «екінші санаттағы басшы», «бірінші санаттағы басшы».

20. Педагогтерді аттестаттау жөніндегі Комиссияның құрамына кемінде

7 (жеті) жыл жұмыс өтілі бар және «педагог-сарапшы» (білім беру ұйымы деңгейінде), «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер», «үшінші санаттағы басшы», «екінші санаттағы басшы», «бірінші санаттағы басшы», «үшінші санаттағы басшының орынбасары», «екінші санаттағы басшының орынбасары», «бірінші санаттағы басшының орынбасары» біліктілік

көзделмесе, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің

91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

## **2-параграф. Аттестаттау комиссиясының құрамы және қызмет тәртібі**

19. Білім беру саласындағы уәкілетті органда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың білім беруді басқару органдарында, білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – аттестаттау органы) педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін ағымдағы оқу жылының 1 қыркүйегіне дейін мынадай біліктілік санаттары үшін Комиссиялар құрылады:

1) білім беру ұйымдарында: «педагог-модератор»;

2) ауданның (қаланың), облыстық маңызы бар қаланың білім беруді басқару органында: «педагог-сарапшы», «үшінші санаттағы басшының орынбасары», «екінші санаттағы басшының орынбасары», «үшінші санаттағы басшы», «екінші санаттағы басшы»;

3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органында:

«педагог-зерттеуші», «бірінші санаттағы басшының орынбасары», «бірінші санаттағы басшы»;

ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) үшін: «педагог-сарапшы», «үшінші санаттағы басшының орынбасары», «екінші санаттағы басшының орынбасары», «үшінші санаттағы басшы», «екінші санаттағы басшы»;

4) білім беру саласындағы уәкілетті органның жанынан:

«педагог-шебер»;

білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар), ведомстволық салалық мемлекеттік органның бағыныстағы білім беру ұйымдары үшін: «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «үшінші санаттағы басшының орынбасары», «екінші санаттағы басшының орынбасары», «бірінші санаттағы басшының орынбасары», «үшінші санаттағы басшы», «екінші санаттағы басшы», «бірінші санаттағы басшы».

20. Педагогтерді аттестаттау жөніндегі Комиссияның құрамына кемінде

7 (жеті) жыл жұмыс өтілі бар және «педагог-сарапшы» (білім беру ұйымы деңгейінде), «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер», «үшінші санаттағы басшы», «екінші санаттағы басшы», «бірінші санаттағы басшы», «үшінші санаттағы басшының орынбасары», «екінші санаттағы басшының орынбасары», «бірінші санаттағы басшының орынбасары» біліктілік

конкурстарына қатысушы болып табылады;

Тізбеге немесе республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес республика деңгейінде немесе халықаралық деңгейде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға, чемпионаттарға қатысушылары болады;

республика деңгейде (кемінде 3 облысты қамти отырып) тәжірибе таратады.

6. Педагогтерге біліктілік санатын беру атқаратын лауазымы бойынша жүзеге асырылады.

Бір жыл өткеннен кейін «педагог-тағылымдамашы» аттестаттау рәсімінен өтпей «педагог» санатын беру үшін білім беру ұйымының бірінші басшысының атына өтініш береді. Бірінші басшы өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде «педагог» санатын беру туралы бұйрық шығарады.

Егер әдістемелік кабинет (орталық) заңды тұлға болмай құрылымдық бөлімше болып табылса, онда әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы, басшысының орынбасары әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері ретінде аттестаттау рәсімінен өтеді.

7. Білімі туралы дипломда бір мамандық ретінде көрсетілген пәндерді оқыту кезінде біліктілік санатын беру негізгі лауазым бойынша жүргізіледі.

Негізгі лауазым бойынша берілген біліктілік санаты білімі туралы дипломда бір мамандық ретінде көрсетілген оқытылатын пәндерге де қолданылады.

8. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (оқу-өндірістік комбинаттары) педагогтеріне кезекті біліктілік санатын беру (растауды) оқытатын бейіні немесе атқаратын лауазымына сәйкес өтеді.

9. «Көркем еңбек», «Еңбекке баулу» пәні бойынша сабақ беретін педагогтер ПББ-дан «Технология», «Бейнелеу өнері», «Сызу» мамандықтары бойынша дипломмен; «Графика және жобалау» пәні бойынша – «Бейнелеу өнері», «Сызу», «Информатика» мамандықтары бойынша дипломмен өтеді, біліктілікті бағалау, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау – атқаратын лауазымы бойынша, сондай-ақ бұрын берілген біліктілік санатына сәйкес кәсіптік оқыту ескеріледі.

10. Материалдар (портфолио) сәйкес болған жағдайда педагогтер біліктілік санатын беру үшін біліктілік бағалаудан, ПББ және қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау жүргізіліп:

«екінші санаты» барларға - «педагог-модератор» немесе «педагог-сарапшы»;

«бірінші санаты» барларға - «педагог-сарапшы» немесе «педагог-зерттеуші»;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін дамыту бойынша өз тәжірибесінің нәтижелерін және әріптестердің өзекті зерттеулерін бағалайды;

аудан/қала (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде жұмыстың әртүрлі нысандары арқылы әріптестеріне әдістемелік қолдау көрсетеді;

аудан/қала білім бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған оқу-әдістемелік материалдарды немесе бағдарламаларды әзірлейді және енгізеді;

Тізбеге немесе облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) білім басқармасы немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес аудан/қала (облыстық маңызы бар қала) деңгейіндегі конкурстарға, жарыстарға қатысушылары бар болады;

Тізбеге немесе облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) білім басқармасы немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес аудан, облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) кәсіптік шеберлік конкурстарына қатысушы болып табылады;

4) «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына:

мынадай кәсіптік құзыреттері бар педагогтер:

«педагог-сарапшы» біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді;

авторлық технологиялар мен бағалау стратегиялары негізінде оқытудың (тәрбиелеу, дамыту) кіріктірілген үдерісін жүзеге асырады;

қауіпсіз және қолайлы білім беру (дамыту) ортасын басқарады, әріптестеріне этикалық нормаларды түсінуде қолдау көрсетеді;

педагогикалық қоғамдастық үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) даму мониторингінің нәтижелерін пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлейді;

әріптестерімен бірге сабақты (оқуды, қызметті, іс-шараны) зерттейді және білім беру ұйымдарында оқыту (тәрбиелеу) тәжірибесін жақсарту үшін зерттеу нәтижелерін таратады;

облыс деңгейінде (кемінде 3 (үш) ауданды/ қаланы қамти отырып); республикалық маңызы бар қалалар мен Астанада, республикада (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) тәжірибені таратады;

білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес немесе республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу-әдістемелік материалдарды немесе бағдарламаларды әзірлейді және енгізеді;

«екінші санаттағы басшы» - «екінші санаттағы басшының орынбасары»;

«үшінші санаттағы басшы» - «үшінші санаттағы басшының орынбасары».

Басшының орынбасары лауазымына немесе керісінше тағайындалған педагогтерге (біліктілікке қойылатын талаптарға сәйкес) біліктілік санаты теңестіріледі және біліктілік санатының қолданылу мерзімі екі жылдан аспайтын мерзімге сақталады:

«педагог-сарапшы» - «үшінші санаттағы басшының орынбасары»;

«педагог-зерттеуші» - «екінші санаттағы басшының орынбасары»;

«педагог-шебер» - «бірінші санаттағы басшының орынбасары».

Кейінгі аттестаттау атқаратын лауазымы бойынша осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

### **3-Параграф. Педагогтердің білімін бағалауды жүргізу тәртібі мен шарттары**

37. ПББ аттестатталушының осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімде аттестатталушының қашықтықтағы форматта берілетін өтінішіне сәйкес жүргізіледі.

38. ПББ келесі тапсырмалардан тұрады:

1) мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарының педагогтері үшін:

«Бейіні бойынша әдістемелерді білу, мектепке дейінгі педагогика және психология» – елу тапсырма.

2) бастауыш білім беру педагогтері үшін:

«Пәндік білім» - 50 (елу) тапсырма;

3) негізгі орта, жалпы орта білім беру педагогтері үшін:

«Пәндік білім» – 50 (елу) тапсырма;

4) қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін:

«Педагогика және психология негіздері» - 50 (елу) тапсырма;

5) арнайы ұйымдардың, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, интернаттық ұйымдардың, жатақханалардың тәрбиешілері, педагог-психологтары, педагог-ассистенттер, әлеуметтік педагогтер, кәсіби бағдар берушілер, тәлімгерлер үшін:

«Педагогика және психология негіздері» - 50 (елу) тапсырма;

6) арнайы білім беру ұйымдарының педагогтері мен білім беру ұйымдарының арнайы педагогтері үшін:

«бейіні бойынша пәндік білім» - 50 (елу) тапсырма;

7) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру

Тізбеге немесе облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) білім басқармасы немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қалалар мен астана, республика деңгейінде (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар және салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) кәсіптік шеберлік конкурстарына қатысушы болып табылады;

Тізбеге немесе облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) білім басқармасы немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қалалар мен астана, республика (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылары бар;

5) «педагог-шебер» біліктілік санатына;

мынадай кәсіби құзыреттіліктері бар педагогтер:

«педагог-зерттеуші» біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді;

тәжірибені зерттеу нәтижелерін ескере отырып, оқытудың (тәрбиелеу, дамыту) кіріктірілген үдерісін жоспарлайды және жүзеге асырады;

қауіпсіз және қолайлы білім беру (дамыту) ортасын құру бойынша тиімді тәжірибені таратады, этикалық нормаларды сақтаудың үлгісі болып табылады;

педагогикалық қоғамдастықта білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дамыту бойынша ынтымақтастықтың тиімді тәжірибесін таратады;

білім беру ұйымдарындағы зерттеулерді үйлестіреді, нәтижелерді педагогикалық қоғамдастыққа таратады, әріптестерінің кәсіби дамуына қолдау көрсетеді;

республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған авторлық бағдарламаларды әзірлейді және тәжірибеге енгізеді;

немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар тізіміне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (бірлескен авторы) болып табылады;

Тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес республикалық немесе халықаралық деңгейдегі кәсіптік шеберлік

## 2-тарау. Аттестаттауды өткізу тәртібі мен шарттары

4. Білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) педагогтері, әдіскерлері, бірінші басшылары, басшы орынбасарлары біліктілік санатын беруге (растауға) аттестаттау кезінде өтініші негізінде біліктілік бағалауынан, ПББ-дан, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өтеді.

5. Тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлау туралы құжаты бар педагогтерді аттестаттау кәсіптік стандартқа және біліктілік сипаттамаларына сәйкес өту мерзімдері мен біліктілік санатының бірлізділік принциптерін сақтай отырып жүзеге асырылады:

1) «педагог» біліктілік санатына:

педагогикалық өтілі кемінде бір жыл «педагог-тағылымдамашы»; педагогикалық лауазымдағы жұмысын қайта бастаған (тиісті бейіні бойынша жалпы педагогикалық өтілі кемінде 1 жыл болған кезде педагогикалық лауазымды қайта бастау мерзімі 5 (бес) жылдан аспайды) және біліктілік санаты жоқ; Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде мамандығы бойынша оқуда (тағылымдамада) болған; тиісті бейіні бойынша педагогикалық қызметті жүзеге асырған және Қазақстан Республикасына жақын және алыс шет елдерден келген, сондай-ақ мынадай кәсіптік құзыреттіліктері бар тұлғалар:

оқу пәнінің мазмұнын (қызмет салалары), білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке дамуына арналған педагогика мен психологияның заманауи тәсілдерін біледі;

жоспарлауды жүзеге асырады, әртүрлі әдістерді, оқыту стратегияларын (тәрбиелеу, дамыту) және бағалау құралдарын меңгереді;

танымдық, білім беру процесінің қағидаттарын ескере отырып сабақ (сабақ, қызмет, іс-шара) өткізеді және күтілетін нәтижелерге қол жеткізеді, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) қажеттіліктерін ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асырады;

білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысады;

ата-аналарды (заңды өкілдерді) оқыту (тәрбиелеу, дамыту) нәтижелері туралы хабардар етеді, әріптестерімен (тәрбиеленуші) білім алушылардың үлгерімін (дамуын) талқылайды;

оқыту тәжірибесін жетілдірудегі өз қажеттіліктерін айқындайды, әріптестерімен өзара іс-қимыл жасайды;

қауіпсіз және қолайлы білім беру (дамыту) ортасының нормаларын, этикалық нормаларды сақтайды;

2) «педагог-модератор» біліктілік санатына:

кемінде екі жыл педагогикалық өтілі бар және мынадай кәсіби құзыреттіліктері бар педагогтер:

қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлама келіп түседі.

Өтініш жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері келіп түскен жағдайда, өтініш келесі жұмыс күні тіркеледі.

17. Көрсетілетін қызметті беруші «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабы

2-тармағының 11) тармақшасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Осы Заңның 10-бабының 5) тармақшасына, 14-бабының 3) тармақшасына, 23-бабына сәйкес орталық мемлекеттік орган осы Қағидаларға өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оларды өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.

18. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымды қарау жоғары тұрған әкімшілік органмен, лауазымды тұлғамен, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті органмен (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүзеге асырылады.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шағымданған лауазымды тұлғаның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым түскен көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды тұлға шағым түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым түскен көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды тұлға, егер үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік іс-әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен қызмет алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында басқа тәртіп

қосымшаға сәйкес нысан бойынша комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірмені педагогтің электронды поштасына («жеке кабинетіне») жолдайды.

26. Комиссия хаттамасының негізінде аттестаттау органы біліктілік санатын беру (растау) туралы бұйрық шығарады. Білім беру ұйымы бұйрық негізінде осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санатын беру (растау) туралы куәлік береді.

Педагогтердің, әдіскерлердің, басшы орынбасарларының біліктілік санатының қолданылу мерзімі – 5 (бес) жыл, басшылардың - 3 (үш) жыл.

27. Бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына немесе әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыратын ұйымға ауысқан кезде немесе педагогикалық қызметті қоса атқару немесе қосымша атқару шарттарында жүзеге асырған кезде немесе педагогтің қызмет бейініне сәйкес білім беру ұйымында педагогті (оның ішінде әдіскерді) басқа лауазымға тағайындаған кезде қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қолданыстағы біліктілік санаты сақталады.

28. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына жұмысқа қабылданған педагогтерге лауазымға тағайындау кезінде тиісті деңгейдегі Комиссия аттестаттау рәсімінен өтпей-ақ өтініш негізінде соңғы бейіні бойынша өндірісте жұмыс өтілі:

5 (бес) жылдан кем емес болған жағдайда – «педагог-модератор»;

10 (он) және одан астам жұмыс өтілі болған жағдайда – «педагог-сарапшы» біліктілік санатын береді.

Біліктілік санатын беру жөніндегі Комиссияның отырысы өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Кейінгі аттестаттау осы Қағидаларда анықталған тәртіппен жүргізіледі.

29. Педагогтің біліктілік санатының қолданылу мерзімі мынадай жағдайларда тоқтатылады және жұмысқа шыққаннан кейін екі жылдан аспайтын мерзімге сақталады:

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен әлеуметтік мәні бар және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар тізбесіне енгізілген аурулары бар болған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздық кезінде;

жүктілігі және босануы, бала күтімі жөніндегі демалыстан шыққаннан кейін, оның ішінде жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлер үшін ол үш жасқа толғанға дейін;

өндірістен қол үзіп жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу немесе мамандық бойынша тағылымдамадан өту;

әскери қызметті өткеру кезінде.

Біліктілік санатының қолданылу мерзімі екі жылдан аспайтын

білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) әдіскерлері үшін – 90 (тоқсан минут);

мүмкіндіктері шектеулі (көру, есту, тірек-қимыл аппараты бұзылған) тұлғалар үшін қосымша 40 (қырық) минут беріледі.

41. ПББ:

педагогтер, басшылар, басшылардың орынбасарлары кезекті аттестаттауда жылына 1 (бір) рет – тегін, 1 (бір) рет – білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен сомаға сәйкес ақылы негізде;

мерзімінен бұрын аттестаттауға үміткер педагогтер жылына 1 (бір) рет – тегін;

тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлау туралы құжаты бар өтілі жоқ тұлғалар, сондай-ақ педагогикалық қызметті қайта бастауға тілек білдірген тұлғалар –

1 (бір) рет - тегін, кейінгілері – білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен сомаға сәйкес ақылы негізде өтеді.

Сынамалық тестілеу (педагогтің қалауы бойынша) ақылы негізде жыл бойы өтеді.

42. ПББ өткізу кезінде білім басқармасы органдарының өкілдері бақылаушы ретінде қатысады.

Бақылаушы тестілеу кезінде педагогтерге жәрдемдеспейді, тестілеуді өткізуге кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермейді. Тестілеуді өткізу тәртібін бұзған жағдайда бақылаушы өз функцияларын орындаудан шеттетіледі.

43. «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы

№ 260 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген мүгедектікті анықтау туралы құжат болған жағдайда мүмкіндігі шектеулі (көру, есту, тірек-қимыл аппараты бұзылған) тұлғалар мүгедектікті анықтау туралы құжаттарды өтінішке тіркейді, онда көмекшіні ұсыну қажеттігі қосымша көрсетіледі.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган анықтаған ұйым педагогпен туыстық және басқа да байланысы жоқ, ПББ шеңберінде тапсырылатын пәндер педагогі болып табылмайтын ұйым қызметкерлерінің қатарынан көмекші тағайындайды.

44. ПББ өтуге өтініш берген кезде педагогтер тапсыру тілін (қазақ, орыс), күнін, уақытын, тестілеу орнын таңдайды. ПББ өтуге бір күн қалғанда педагогке өтініште көрсетілген электрондық поштаға тестілеу

санаттары бар педагогтер, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың), педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдарының әдіскерлері, кәсіби қауымдастықтардың, қоғамдық, үкіметтік емес және кәсіподақ ұйымдарының өкілдері, білім беруді басқару органдарының, ведомстволық бағынысты ұйымдарының мамандары кіреді.

Комиссияның өкілеттілігі қолданыста болған кезеңде білім беру ұйымы Комиссиясының құрамына осы білім беру ұйымында аттестатталатын педагогтер кірмейді.

21. Комиссия мүшелері тақ саннан (7-ден (жетіден) кем емес) тұрады. Комиссия төрағасы бірінші отырыста қарапайым көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы Комиссия мүшелерінің арасынан сайланады. Дауыстар тең болған жағдайда қайта дауыс беру жүргізіледі. Комиссия төрағасы бір жыл мерзімге сайланады. Қайта сайлауға қатарынан бір реттен артық емес рұқсат етіледі. Комиссия мүшелері Комиссия отырыстарына алмасу құқығынсыз қатысады. Комиссия хатшысы Комиссия отырысына қажетті материалдар мен құжаттарды дайындайды, хаттаманы рәсімдейді және қол қояды. Комиссия хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды.

22. Комиссияның отырысы, егер оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

Дауыс беру нәтижелері Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

23. Комиссияның өкілеттік мерзімі Комиссия құрамын бекіту туралы бұйрық шығарылған күннен бастап бір жылды құрайды.

24. Комиссия педагогтерді аттестаттау нәтижелері бойынша қорытынды шешімді келесі тұжырымда қабылдайды:

- 1) мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 2) мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді.

«Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді» шешімін қабылдаған жағдайда қолданыстағы біліктілік санатын сақтау немесе қолданыстағыдан төмен біліктілік санатын беру туралы шешім қабылданады.

Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау материалдары мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келген, бірақ ПББ өтудің шекті деңгейіне жетпеген жағдайда педагогке біліктілік санатын беру жағдайында ПББ нәтижелерінен жоғары емес біліктілік санаты беріледі.

Комиссия мерзімінен бұрын аттестаттау кезінде «мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді» деген шешім қабылдаған жағдайда, қолданыстағы біліктілік санаты қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

25. Комиссияның шешімі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес

ұйымдары (оқу-өндірістік комбинаттар) үшін:

жалпы білім беретін пәндер, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер бойынша оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері:

«Пәндік білім» – 50 (елу) тапсырма;

басқа лауазымдардың педагогтері үшін:

«Педагогика және психология негіздері» - 50 (елу) тапсырма;

8) білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары үшін:

«Қазақстан Республикасының заңнамасын және білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерді білу» бағыты бойынша – 60 (алпыс) тест тапсырмасы:

9) әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, бөлімдердің (бөлімшелердің, бөлімнің, сектордың, кабинеттің) меңгерушілері (басшылары) үшін:

«Оқыту әдістемесі, Қазақстан Республикасының заңнамасын және білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерін білу» - 50 (елу) тапсырма.

Педагогтердің білімін бағалау балдарын бөлу осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

39. ПББ нәтижесі шекті деңгейге жеткен жағдайда оң деп есептеледі:

1) барлық лауазымдағы педагогтер үшін:

«педагог»/«педагог-тағылымдамашы» біліктілік санаты - 50%;

«педагог-модератор» біліктілік санаты - 60%;

«педагог-сарапшы» біліктілік санаты - 70%;

«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты - 80%;

«педагог-шебер» біліктілік санаты - 90%;

2) білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшысының орынбасарлары үшін – 70%;

3) әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, бөлімдердің (бөлімшелердің, бөлімнің, сектордың, кабинеттің) меңгерушілері (басшылары) үшін:

«педагог»/«педагог-тағылымдамашы» біліктілік санаты - 50 %;

«педагог-модератор» біліктілік санаты - 60 %;

«педагог-сарапшы» біліктілік санаты - 70 %;

«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты - 80 %;

«педагог-шебер» біліктілік санаты - 90 %.

40. Педагогтерге нұсқау беру уақытын есепке алмағанда ПББ орындау ұзақтығы:

педагогтер үшін – 80 (сексен) минут, «Математика», «Физика», «Химия», «Информатика» пәндері үшін – 125 (жүз жиырма бес минут);

ұйымдары (оқу-өндірістік комбинаттар) үшін:

жалпы білім беретін пәндер, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер бойынша оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері:

«Пәндік білім» – 50 (елу) тапсырма;

басқа лауазымдардың педагогтері үшін:

«Педагогика және психология негіздері» - 50 (елу) тапсырма;

8) білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары үшін:

«Қазақстан Республикасының заңнамасын және білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерді білу» бағыты бойынша – 60 (алпыс) тест тапсырмасы:

9) әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, бөлімдердің (бөлімшелердің, бөлімнің, сектордың, кабинеттің) меңгерушілері (басшылары) үшін:

«Оқыту әдістемесі, Қазақстан Республикасының заңнамасын және білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерін білу» - 50 (елу) тапсырма.

Педагогтердің білімін бағалау балдарын бөлу осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

39. ПББ нәтижесі шекті деңгейге жеткен жағдайда оң деп есептеледі:

1) барлық лауазымдағы педагогтер үшін:

«педагог»/«педагог-тағылымдамашы» біліктілік санаты - 50%;

«педагог-модератор» біліктілік санаты - 60%;

«педагог-сарапшы» біліктілік санаты - 70%;

«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты - 80%;

«педагог-шебер» біліктілік санаты - 90%;

2) білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшысының орынбасарлары үшін – 70%;

3) әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, бөлімдердің (бөлімшелердің, бөлімнің, сектордың, кабинеттің) меңгерушілері (басшылары) үшін:

«педагог»/«педагог-тағылымдамашы» біліктілік санаты - 50 %;

«педагог-модератор» біліктілік санаты - 60 %;

«педагог-сарапшы» біліктілік санаты - 70 %;

«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты - 80 %;

«педагог-шебер» біліктілік санаты - 90 %.

40. Педагогтерге нұсқау беру уақытын есепке алмағанда ПББ орындау ұзақтығы:

педагогтер үшін – 80 (сексен) минут, «Математика», «Физика», «Химия», «Информатика» пәндері үшін – 125 (жүз жиырма бес минут);

санаттары бар педагогтер, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың), педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдарының әдіскерлері, кәсіби қауымдастықтардың, қоғамдық, үкіметтік емес және кәсіподақ ұйымдарының өкілдері, білім беруді басқару органдарының, ведомстволық бағынысты ұйымдарының мамандары кіреді.

Комиссияның өкілеттілігі қолданыста болған кезеңде білім беру ұйымы Комиссиясының құрамына осы білім беру ұйымында аттестатталатын педагогтер кірмейді.

21. Комиссия мүшелері тақ саннан (7-ден (жетіден) кем емес) тұрады. Комиссия төрағасы бірінші отырыста қарапайым көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы Комиссия мүшелерінің арасынан сайланады. Дауыстар тең болған жағдайда қайта дауыс беру жүргізіледі. Комиссия төрағасы бір жыл мерзімге сайланады. Қайта сайлауға қатарынан бір реттен артық емес рұқсат етіледі. Комиссия мүшелері Комиссия отырыстарына алмасу құқығынсыз қатысады. Комиссия хатшысы Комиссия отырысына қажетті материалдар мен құжаттарды дайындайды, хаттаманы рәсімдейді және қол қояды. Комиссия хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды.

22. Комиссияның отырысы, егер оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

Дауыс беру нәтижелері Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

23. Комиссияның өкілеттік мерзімі Комиссия құрамын бекіту туралы бұйрық шығарылған күннен бастап бір жылды құрайды.

24. Комиссия педагогтерді аттестаттау нәтижелері бойынша қорытынды шешімді келесі тұжырымда қабылдайды:

- 1) мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 2) мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді.

«Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді» шешімін қабылдаған жағдайда қолданыстағы біліктілік санатын сақтау немесе қолданыстағыдан төмен біліктілік санатын беру туралы шешім қабылданады.

Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау материалдары мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келген, бірақ ПББ өтудің шекті деңгейіне жетпеген жағдайда педагогке біліктілік санатын беру жағдайында ПББ нәтижелерінен жоғары емес біліктілік санаты беріледі.

Комиссия мерзімінен бұрын аттестаттау кезінде «мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді» деген шешім қабылдаған жағдайда, қолданыстағы біліктілік санаты қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

25. Комиссияның шешімі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес

«жоғары санаты» барларға - «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші» немесе «педагог-шебер» біліктілік санаты беріледі.

11. Педагог жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандарды кәсіби даярлау жүзеге асырылмайтын пәндерді немесе курстарды оқытқан жағдайда, оның бұрын алған санаты сақталады. Кейінгі аттестаттау осы Қағидаларда тәртіппен атқаратын лауазымы бойынша жүргізіледі.

12. Бастапқы аттестаттау рәсіміне қатысатын білім беру ұйымының әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы, басшысының орынбасары ПББ нәтижелеріне сәйкес біліктілік санатын беруге және санаттар кезектілігін сақтамай қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық қорытындылауға өтініш береді. Кейінгі аттестаттау осы Қағидалармен анықталған тәртіппен бірізділік қағидатына сәйкес жүргізіледі.

### **1-параграф. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

13. Аттестаттау үшін құжаттарды беру осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне (бұдан әрі – Негізгі талаптар тізбесі) сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімде педагог аттестаттаудан өту үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

14. Мемлекеттік қызметті білім беру ұйымдары, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары, білім беру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

15. Мемлекеттік қызмет:

Платформа арқылы - «педагог-модератор», «педагог-сарапшы» біліктілік санатына;

электрондық үкіметтің веб - порталы (бұдан әрі – портал) арқылы - «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер», «үшінші санаттағы басшы», «екінші санаттағы басшы», «бірінші санаттағы басшы», «үшінші санаттағы басшы орынбасары», «екінші санаттағы басшы орынбасары», «бірінші санаттағы басшы орынбасары» біліктілік санатына көрсетіледі.

16. Құжаттарды тапсырған кезінде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттаудан өтуге өтінішті қабылдау туралы хабарлама немесе осы Қағидаларға 4-

Қазақстан  
Республикасы Оқу-  
ағарту министрі  
2025 жылғы 25  
ақпандағы  
№ 32  
Бұйрыққа қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым  
министрінің  
2016 жылғы 27 қаңтардағы  
№ 83 бұйрығымен бекітілген

## Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139-бабының 7-тармағына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 5-тармағына, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және педагогтерді аттестаттаудан өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аттестаттау – педагогтердің біліктілік деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижелері бойынша осы Қағидаларға сәйкес біліктілік санаттары беріледі (расталыды);

2) аттестатталушы – осы Қағидаларға сәйкес біліктілік санатын беруге (растауға) үміткер педагог (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген Педагог лауазымдарының тізбесіне сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20400 болып тіркелген);

3) аттестаттау комиссиясы – педагогтерді аттестаттау рәсімін жүргізетін алқалы орган (бұдан әрі – Комиссия);

4) аттестаттау кезеңі – біліктілік санатын соңғы берген (растаған) күннен бастап келесі аттестаттау мерзімі басталғанға дейін немесе

мерзімінен бұрын аттестаттау үшін шарттар болған жағдайдағы уақыт аралығы;

5) апелляция – осы Қағидаларға сәйкес педагогтің өтініші бойынша жүзеге асырылатын педагогтердің білімін бағалау нәтижелерін қайта қарау рәсімі;

6) апелляциялық комиссия – білім беру саласындағы уәкілетті орган құратын педагогтердің білімін бағалау нәтижелерін қайта қарау бойынша шешім қабылдайтын комиссия;

7) біліктілікті бағалау – білім беру ұйымының педагогтің материалдарын (портфолиосын) біліктілік сипаттамаларына сәйкес барлық құжаттарының бар болуын қарауы;

8) біліктілік санаты – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі міндетін атқарушының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіптік стандартына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31149 болып тіркелген) (бұдан әрі – Кәсіптік стандарт) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) (бұдан әрі – біліктілік сипаттамалары) сәйкес педагогтің кәсіби құзыреттілік деңгейі;

9) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау – педагог қызметінің дәлелдері мен жетістіктерінің біліктілік санатының талаптарына сәйкестігін бағалау рәсімі;

10) педагогтің білімін бағалау (бұдан әрі - ПББ) – білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйым жүргізетін педагогтің білімін тестілеу рәсімі;

11) Ақпараттандыру нысаны «Үстаз» педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы» (бұдан әрі – Платформа) – педагогтің кәсіби қызметі туралы деректерді жинауды және өңдеуді қамтамасыз ететін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымның платформасы.

3. Педагогтерді, әдіскерлерді, білім беру ұйымдары мен әдістемелік кабинеттер (орталықтар) басшыларының орынбасарларын аттестаттау «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағы

3) тармақшасына сәйкес кемінде бес жылда бір рет өткізіледі.

Білім беру ұйымдарының бірінші басшылары «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 5-тармағына сәйкес үш жылда бір рет аттестаттаудан өтеді.

осы Қағидаларда анықталған тәртіппен бірізділік қағидатына сәйкес жүргізіледі.

ПББ өткізу қағидаларын бұзу деректері қайта анықталған жағдайда педагог, бөлімнің басшысы (меңгерушісі), әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері, білім беру ұйымы, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) басшысының орынбасары – бес жылға, білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) басшысы – үш жылға аттестаттаудан өтуге жіберілмейді, бұл ретте біліктілік санаты Комиссияның шешімі бойынша «педагог», «басшы», «басшының орынбасары» санаттарына дейін төмендейді. Біліктілік санатын беруге (растауға) кейінгі аттестаттау осы Қағидаларда анықталған тәртіппен бірізділік қағидатына сәйкес жүргізіледі.

47. ПББ өткізу талаптарын бұзу дерегі анықталған жағдайда, осы Қағидалардың 45-тармағында көрсетілген жол берілмейтін заттарды анықтаған кезде, ПББ жүргізу кезінде немесе ПББ өткізу бейнежазбасын қарау кезінде, тапсыру мерзіміне қарамастан, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес педагогтің білімін бағалауды жүргізу қағидалары мен шарттарын бұзу актісі жасалады, ПББ нәтижелері жойылады.

48. ПББ нәтижесімен келіспеген жағдайда, аттестатталушы ПББ өткізу залынан шықпай әрбір тапсырма бойынша дәлелді (толық түсіндірмесі, тапсырмалардың қадамдық шешімі) негіздемесімен тестілеу аяқталғаннан кейін 30 (отыз) минут ішінде компьютерлік тестілеу жүйесі арқылы апелляцияға өтініш береді. ПББ өткізу залынан шыққаннан кейін педагогтің апелляцияға өтініші қабылданбайды.

Әрбір тапсырма бойынша дәлелді негіздемесіз (толық түсіндірме, тапсырмаларды кезең-кезеңімен шешу) барлық тапсырмаларды қайта қарау бойынша апелляцияға берілген өтініш қарауға жатпайды.

49. Апелляция мынадай жағдайларда:

1) тест тапсырмаларының мазмұны бойынша:

дұрыс жауаптың негіздемесімен келіспегенде;

дұрыс жауап болмағанда;

бірден көп дұрыс жауап болғанда;

тест тапсырмасы дұрыс құрастырылмаған жағдайда;

2) тапсырмаларда фрагменттің немесе мәтіннің болмаған жағдайында, техникалық себеп бойынша қаралады.

50. Апелляцияны өткізу үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган компьютерлік тестілеу жүйесі арқылы апелляцияға берген өтініштерді қарау бойынша Апелляциялық комиссия құрады.

51. Апелляциялық комиссия құрамына білім беру саласындағы уәкілетті органның, кәсіптік қоғамдастықтардың, қоғамдық, үкіметтік емес және кәсіподақ ұйымдарының өкілдері, білім беру ұйымдарының педагогтері кіреді.

Апелляциялық комиссия тақ саннан тұрады. Апелляциялық